



Автор: Төлегенова Маржан Ергешқызы

Пән: Физика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Қысым

Тақырып: Қатты денелердегі қысым

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.2 – қысым ұғымын түсіну.Қысымды арттыру немесе кемітудің өмірде қолданылуын мысалдар арқылы түсіну.
Сабақтың мақсаты:	Қысым ұғымын меңгеріп, есептер шығарғанда қолдана білуді үйрету. Қысымның негізгі ұғымдарын қалыптастыру.
Тілдік мақсаттар:	- Тілдік мақсат: - Қысым ұғымының анықтамасын тұжырымдайды. «Қысым» терминдерін орыс және ағылшын тілінде аталуын біледі. - Пәнге қатысты лексика мен терминология: «Қысым» терминдерін меңгереді.Қысым күшке тура пропорционал беттік ауданына кері пропорциональ екенін біледі. - Диалогтар мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Қатты заттардағы қысым..... Массасы 1кг денені 9.8Н күшпен.....тартады
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: - Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды.Тақырыпты меңгереді. Оқушылардың басым бөлігі: - Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. Кейбір оқушылар: - Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Топ ережесін сақтау, игерген білімдерін өмірде қолдану.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта,сурет,постер, стикерлер
Пәнаралық байланыс:	Математика
Бастапқы білім:	Қатты денелердің сұйықтардың және газдардың молекулалық құрылымы туралы біледі. Заттың неден тұратынын біледі Заттардың ұсақ бөлшектері молекуламен атом туралы біледі. Заттардың молекулалық құрылымы негізінде қатты денелердің,сұйықтар мен газдардың құрылымын сипаттап үйренеді

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5мин)	- Ұйымдастыру.Оқушыларды түгендеу - Топқа бөлу «Заттың үш күйі» - Үй тапсырма.«Ашық микрофон»әдісі - Заттар неден тұрады? - Қатты денелер қандай қасиетке ие? - Сұйық және газдардың қасиеттері? Дескриптор: - Заттың неден тұратынын біледі. - Заттардың ұсақ бөлшектері молекуламен атом туралы біледі - Заттың агрегаттық күйлерін біледі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 мин)	II. Жаңа сабақ: Қатты денені құрайтын молекулалардың белгілі бір ретпен орналасуы, тәжірибеде көргеніміздей өзіне түсірілген қысымды тартады. Сонда бүгінгі сабағымыз не туралы болмақ? Белгілі бір бетке түсетін күш әрекетінің нәтижесін сипаттайтын шаманы қысым деп аталады. Қысым бетке перпендикуляр бағытта әрекет ететеін күштің осы беттің ауданына қатынасымен анықталады: $F=PS$ ХБЖ-да қысым паскальмен өлшенеді: гПа=100 Па=102 Па кПа=1000 Па=103 Па МПа=1000000 Па=106 Па Тәжірибеңмен бөліс әдісі: Құрал – жабдықтар: Паскаль шары, су, цилиндр, колба. Қауіпсіз ережелері: 1. Сақ болыңдар, абайлаңдар, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындаңдар. 2. Жұмыс орнын мұғалімнің рұқсатынсыз бос қалдыруға болмайды. 3. Жұмыс орнындағы приборларды, материалдарды, құралдарды мұғалімнің нұсқауы бойынша орналастырыңдар. 4. Жұмыс орнына қажетсіз заттарды қоймаңдар. 5. Жұмысқа кірісер алдында мақсаты мен нұсқауларын мұқият оқыңдар. 1.Қысым тобына: «Физикалық суреттер сөйлейді» Суреттің сырын ашу 2.Сұйық тобына: «Қысым»физикалық шамасына постер қорғау 3.Газ тобына: «Заттың әр түрлі күйлерінің қасиеттері»кесте толтыру Заттың күйі Негізгі қасиеттері? Қысым қалай беріледі? Қатты Сұйық Газ Дескриптор: 1.Өмірмен байланыстыра біледі 2.Қысым формуласын таба алады. 3.Постер қорғауды біледі 4.Өз ойларын толық жеткізе алады. 5.Суреттің мағынасын аша алды. Кері байланыс. «Мадақтау» әдісі Қалыптастырушы бағалаудан есептер шығару 1. Массасы 45 кг болатын баланың ауданы 300 см² еденге түсіретін қысымын тауыңдар? 2. Күйтабаққа ине 0,27 Н күшпен әрекет етеді. Егер иненің ұшының ауданы 0,003м² болса, онда күйтабаққа түсіретін қысым қандай? 3. Бетке 45 кН күш түсіріп 2 кПа қысым алсақ, ауданы қандай болады? Дескриптор: 1.Қысымның формуласын біледі. 2.Қысымның неге тәуелді екенін біледі..	
Сабақтың соңы (5 мин)	"Менен сұрақ,сенен жауап" әдісі 1.Қысым дегеніміз не? 2.Қысымның өлшем бірлігі? 3.Қысымның формуласы? 4. Қысымның қандай бірліктерін білесіңдер? 5.Қысым ұғымын қай ғалым ашқан?	
Рефлексия (2мин)	«Пошта,почта,email» әдісі арқылы Не білгім келеді? не үйренгені туралы жазады.	